

## Желтоқсан батырларына арнау

Есте қалды желтоқсаны сонау сексен алтының...  
Тапталғаны ар-намысы, аппақ адал халқымның.  
Мыңдаған жыл ел мен жерін сақтап қалған қазақты,  
Билігінен айырғаны – өшкені ғой атының!!!

Қазақ ұлы өз намысын қолдан бермес жауына.  
Кір келтірмес өлсе - дағы қазақ деген халқына.  
От ауызды шешені де, ту көтерер көсемі,  
Қол бастайтын батыры да, қол сұқтырмас хұқына!

Ешбір жаудан қорқып-үркіп тайсалмаған қазағым.  
Жау қолында қалдырмаған жауынгерін жасағын.  
Қанды қырғын жорықтарда батырлығын шыңдаған,  
Асқан ерлік, көзсіздікпен сақтап қалған Отанын.

«Қазағым!» деп, Алатаудың асқар шыңын жаңғыртқан!  
Жүректері аттай тулап, басқа шапқан қызыл қан...  
Намыс оты лаулап жанып, жанарлары жарқылдап,  
Үстем ұлтты таң қалдырып, есін алып шошытқан.

Еркіндікті, Бостандықты, Азаттықты жақтаған!  
Әділеттің ақ жолынан таймай алға аттаған.  
Ата - бабам аңсап күткен, жалаулатып арманын,  
Мыңдаған жас, қыз - жігіттер ана сүтін ақтаған!

Желтоқсанның көк аязын жүрегімен жылытып,  
Оттай ыстық ықыласпен көктайғағын ерітіп.  
Жарқын жүзді, ақ көңілді, өрімдей жас өрендер,  
Жол көрсетті болашаққа көрмейтін еш кемістік.

Мұз құрсаңған желтоқсанның аязды сол күндері,  
Жазалаушы әскерлердің қалды қанды іздері.  
Жалындаған жастарымның жаны мен ақ тәнінде,  
Жазылмайтын жара қалды, мұң да қалды жүзінде.

Ұмытпаймыз құрбан болған Қайрат, Ербол, Ләззатты.  
Сабирадай асқан өжет, қарлығашты қайратты.

Шейіт болған елі үшін қыз-жігіттер тағы бар,  
Несіп етсін Жаратқаным имандылық, жәннатты!

Желтоқсанның дүмпуімен Кеңес халқы оянды.  
Жалған достық, жалған теңдік болмағандай жоғалды.  
Арман-мақсат орындалып Тәуелсіздік таңы атты!  
Шетте жүрген қандастар да өз еліне оралды.

Желтоқсанның батырлары –Егемен Ел ерлері!  
Мәңгі қалмақ ел жадында қаһармандық еңбегі!  
Өтіп кетті отыз бір жыл қасыретті күндерге,  
Опат болған қыз-жігіттер Егемендік көрмеді...

Желтоқсанның батырлары - мақтанышы Елімнің!  
Иелері, Киелері Салтанатты төрімнің!  
Рухы биік, ары таза, жау жүрек жас қазақтар,  
Орын алған шоқжұлдыздай көгінен әр көңілдің!

Желтоқсанның батырлары –тарихи зор тұлғалар!  
Естен кетпес ерліктері ғасырларға жалғанар.  
Қолдай берсін бабаларым Кенесары, Наурызбай!  
Ел мен Жерді қорғай білсек талай жырлар жазылар!

**2017 жыл Петропавл қаласы**